

***БАҒАЛЫ
ҚАҒАЗДАР
ТУРАЛЫ ТҮСІНІК***

бұл құжат

*құжат арнайы форма мен міндетті
реквизиттерді сақтаумен құрылады*

*Бағалы қағаздың негізгі
белгілері*

*мүліктік құқықтарды
айғақтайды*

*мүліктік құқықтар оны көрсеткен немесе біреуге берген
жағдайда, бағалы қағазды алғаннан кейін құқықтары қолына*

Қарыздық, яғни эмитеттің қарыздық міндеттемесін сипаттайтын бағалы қағаз

Үлестік, яғни жарғылық капиталға үлес қосқандығын куәландыратын бағалы қағаз

Туынды, яғни белгілі бір тауарларды немесе валюталарды сатып алу, сатуға құқық беретін екінші ретті бағалы қағаздар

Экономикалық жаратылысына қарай

Мерзімсіз

Құжатты

Мерзімді

Шығару нысанына (формасына) байланысты

Айналыс мерзіміне байланысты

Бағалы қағаздардың жіктелуі

Құжатталмаған

Айналыс аумағына қарай

Табыс төлеу тәсіліне қарай

Аймақтық

Ұлттық

Пайыз

Купондық облигация

Халықаралық

Дивидендті акция

Эмитеттеріне байланысты

Қор биржалары

Мемлекет

Ұлттық банк


Коммерциялық банк

Акционерлік қоғам

Сауда ұйымдары

Брокерлік фирмалар

Инвестициялық қорлар



Бағалы қағаздар туралы Қазақстан Республикасының қазіргі заңдары

Қазіргі бағалы қағаздар туралы заңдар Республика Конституциясына негізделген. Ол заңдар мемлекеттік және жеке меншікті мойындайды, және оларды бірдей қорғауға кепіл болады.

Сонымен бірге, заңдар кәсіпшіліктің еркіндігін қамтамасыз етумен қатар бәсекенің адалдығын қорғайды. Осы негізгі бастамаларды біріктіретін Республиканың Азаматтық кодексінің жалпы бөлімінде бағалы қағаздар мүліктік игіліктің бір түрі ретінде азаматтық құқықтық объектісі болып еркін айналымға арналғаны танылған.

Азаматтық кодекстің 39 тарауда 324 бабында бағалы қағаздардың мазмұны көрсетіліп, олардың түрлері анықталып, бағалы қағаздарды шығарудың және оларды беруге берудің негізгі ережелері мен талаптары бекітілген.

Азаматтық кодекстің нормаларына сәйкес мемлекет басшысы заң күші бар жарлықтар шығарды. Олар Азаматтық кодекспен бірге бағалы қағаздар нарығын дамытудың заңды негіздерін құрайды:

1995 жылдың 21 сәуіріндегі «Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы» № 2227 Президенттің заң күші бар жарлығы.

Жарлықтың әрекеті мемлекеттік емес бағалы қағаздардың эмиссиясын тіркеуге қойылатын талаптарға, оларды орналастыру ережесі мен мезгіліне, акционерлерді тіркеуді жүргізетін негізгі жағдайларға бағытталған.

Атап өтетін басты жағдай, онда Ұлттық комиссияның статусы анықталған: бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби істердің түрі, оны лицензиялаудың жағдайы және бағалы қағаздармен жүргізілген мәселені тіркеу тәртібі бекітілген; сонымен бірге жарлықта қор биржасын құру және оның қызметін ұйымдастыру туралы ереже орын алған, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың құқы бекітілген. Аталған жарлыққа Президенттің 17.11.2015 жылғы №324 жарлықтарымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ШЫҒАРУ МЕХАНИЗІМІ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Бағалы қағаздар - ең алдымен мүлікті иемденуге құқық беретін ақшалы құжат немесе қарыз берушіге қарыз алушының берген қарыз міндеттемесі.

Шығарылуы жөнінен бағалы қағаздар нарықтық және нарықтан тыс болып екіге бөлінеді.

Нарықтан тыс бағалы қағаздар әлеуметтік -нарықтық қатынастардың дамуы негізінде пайда болған қағаздардың ерекше түрі. Оларға жинақ облигациялары, зейнетақы қорларының облигациялары, депозиттік облигациялар және тағы басқалар жатады.

Жинақ облигациялары негізінен жеке тұлғалар арасында орналастырылады. Бұл бағалы қағаздар АҚШ- та кең таралған. Зейнетақы қорларының облигацияларына мысалы, АҚШ-та біреуге жалданбай-ақ өз алдына қызмет істейтін адамдардың ақшасына шығарылған облигациялар жатады. Ал депозиттік облигациялар орта мерзімді, қысқа және ұзақ мерзімді болып үшке бөлініп, тек жергілікті басқару органдарына ғана сатылады. Нарықтан тыс бағалы қағаздар әр түрлі қорларға немесе банктерге, оның ішінде шетел банктерге және кәсіпорын, ұйымдарға салған капиталдан түскен табысты иемденуге құқық береді. Бұл бағалы қағаздардың шығару шарты бойынша иемденуші - заңды немесе жеке тұлғалар - оларды басқа иемденушіге беруге құқығы жоқ. Сондықтан бұл қағаздар нарықта еркін айналымға түсе алмайды. Ал айналымға түсетін бағалы қағаздарды нарықтық бағалы қағаздар деп атайды. 1995 жылы құрылғаннан бастап Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссия айналымға сомасы 82 миллиард теңгеден астам корпоративтік бағалы қағаздарын шығарады. Бағалы қағаздар нарығында бір жарым мың білікті мамандар жұмыс істеуде, осы қағаздармен операцияларды атқару құқығына не болу үшін шамасы 70 кәсіби қатысушылар лицензия алды, 3 қор биржасы белсенді түрде қызмет етуде.

1996 жылдың 29 шілдесінде Үкіметтің №944 қаулысымен депозитарлық, тіркеулік қызметі реттеу үшін Ұлттық комиссия дайындаған үш жаңа ереже бекітілді. Бұл ережелер бағалы қағаздар ұстаушылар ресми құжат жүргізуді және толтыруды қадағалайды, сондай-ақ ҚР қаражатын салған тұлғалардың бағалы қағаздарға меншік құқығын бекітеді, бағалы қағаздарды сақтайды және есепке алады.

*қоғам құрып, олардың
акцияларын құрылтайшылар
арасында орналастырғанда*

*қоғамның алғашқы жарғылық
капиталының көлемін жаңадан
акция шығарып өсіргенде*

**Бағалы қағаздарды шығарып, оларды инвесторларға
сату жүзеге асырылуы**

*заңды тұлғалардың, яғни мемлекеттің, мемлекеттік
органдардың немесе жергілікті әкімшіліктердің облигация
және басқа қаржы міндеттемелерін шығару арқылы қарыз
капиталын пайдаланғанда*

*Корпоративті бағалы қағаздар
түрлері*

```
graph TD; A[Корпоративті бағалы қағаздар түрлері] --> B[қарыздық]; A --> C[туынды бағалы қағаздар]; A --> D[үлестік];
```

қарыздық

*туынды бағалы
қағаздар*

үлестік

*Корпоративтік бағалы қағаздар
шығарылу себептері*

*АҚ мекемелері
және акцияларды
құрылтайшылар
арасында
орналастыру*

*Қоғамның
жарғылық
капитал
мөлшерінен
көтерілуі*

*Қарыздық
капиталды
облигация
шығару
жолымен
тарту*